

ҚАЗАҚСТАН
РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ
МИНИСТРЛІГІ



МИНИСТЕРСТВО
ЗДРАВООХРАНЕНИЯ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

САНИТАРИЯЛЫҚ-
ЭПИДЕМИОЛОГИЯЛЫҚ
БАҚЫЛАУ КОМИТЕТІ

КОМИТЕТ САНИТАРНО-
ЭПИДЕМИОЛОГИЧЕСКОГО
КОНТРОЛЯ

СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН
ОБЛЫСЫНЫҢ САНИТАРИЯЛЫҚ-
ЭПИДЕМИОЛОГИЯЛЫҚ БАҚЫЛАУ
ДЕПАРТАМЕНТІ

ДЕПАРТАМЕНТ САНИТАРНО-
ЭПИДЕМИОЛОГИЧЕСКОГО
КОНТРОЛЯ СЕВЕРО-
КАЗАХСТАНСКОЙ ОБЛАСТИ

БАС МЕМЛЕКЕТТІК
САНИТАРИЯЛЫҚ ДӘРІГЕРІ

ГЛАВНЫЙ
ГОСУДАРСТВЕННЫЙ
САНИТАРНЫЙ ВРАЧ

ҚАУЛЫСЫ

2021ж. 11 мамыр № 12

Петропавл қаласы

ПОСТАНОВЛЕНИЕ

город Петропавловск

Солтүстік Қазақстан облысының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасының тұрғындары арасында COVID-19 коронавирустық инфекцияның таралуын болдырмау мақсатында, Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 7 шілдедегі «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Кодексінің 104-бабы 1-тармақшасына сәйкес, Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің жанындағы коронавирустық инфекцияның пайда болуы мен таралуына жол бермеу жөніндегі өңірлік комиссия отырысының 2021 жылғы 11 мамырдағы хаттамасын, Қазақстан Республикасы Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 2020 жылғы 25 желтоқсандағы № 67- АӘҚД «Қазақстан Республикасы халқының арасында коронавирустық инфекциямен аурудың алдын алу жөніндегі шараларды одан әрі күшейту туралы» қаулысын, Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің «Карантиндік шектеу шаралары және оларды кезең-кезеңімен жеңілдету туралы» 2020 жылғы 25 желтоқсандағы № 68- АӘҚД қаулысын басшылыққа ала отырып, **ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:**

1. «Солтүстік Қазақстан облысының аумағында карантиндік шектеу іс-шаралары туралы» Солтүстік Қазақстан облысының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 2021 жылғы 1 наурыздағы № 6 қаулысында, «Әлеуметтік-экономикалық объектілердің жұмысын шектеу критерийлері» қаулының 2-қосымшасында, 21 жол мынадай редакцияда жазылсын:

№	Объектілер/салалар	Жасыл аймақ
21.	Діни объектілер	Рұқсат беріледі сыйымдылығы 30% -дан аспайтын, бір келушіге 4 шаршы метрден кем емес, соның ішінде ашық аспан астында

2. Осы қаулының орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.
3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

**Солтүстік Қазақстан облысының
Бас мемлекеттік санитариялық
дәрігері**

Ә. Жұматаев